

Аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 6 маусымдағы N 3С-6/9 "Жарқайың ауданының елді-мекендері және Державин қаласы аумағын көркейту, санитарлық тазалығы, таза ұстau мен жасыл желектерін қорғау Ережесін бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 12 желтоқсандағы N 4С-11/11 шешімі. Ақмола облысы Жарқайың ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қантарда N 1-12-98 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 6 тамыздағы № 5С-9/8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихаттың 2012.08.06 № 5С-9/8 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабы 1 тармағы 8 тармақшасына сәйкес және 2008 жылғы 3 желтоқсандағы № 11-02/2729 «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұсынуымен, Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден өткізудің Аймақтық Тізілімінде 2008 жылғы 18 қантардағы № 1-12-76 болып тіркелген, « Целинное знамя» аудандық газетінде 2008 жылғы 1 ақпандағы № 5 болып жарияланған) Жарқайың аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 12 желтоқсандағы № 4С-4/8 «Табысы аз отбасыларға және жалғызбасты азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы» шешімінің Табысы аз отбасыларға және жалғызбасты азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы Ережесіне келесі толықтырулар енгізілсін:

1.3 тармақшасы төмендегідей мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын: коммуналдық қызметті пайдалану есеп құралдары бар тұтынушы үшін есепке алынатын шығындар, өткен тоқсанға нақты шығындар бойынша анықталады;

1.4 тармақшасы төмендегідей мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын: бір айға электроэнергия пайдалануға өтемақы нормалары санауыш көрсеткіші бойынша белгіленеді, бірақ жалғызбасты азаматтар үшін 70 кВт, отбасының әр мүшесіне және 2 немесе одан да көп адамы бар отбасы үшін 50 кВт жоғары емес.

Газ баллонмен өтемақы нормасы жалғызбасты азаматтар үшін 1 баллон, 2 немесе одан да көп адамнан тұратын отбасылар үшін отбасының әр мүшесіне 0,5

## б а л л о н .

Жергілікті жылу жүйесі бар баспана үшін қатты отынды пайдалануға өтемақы нормасы пайдалы алаңның 1 шаршы метріне 78 кг белгіленсін (жылу жүйесі маусымы 7 ай). Алдыңғы тоқсанда құрылған статистикалық деректеріне сәйкес көмірдің орташа бағасы алынын.

Жергілікті жылу жүйесі бар жеке үйде тұратын аз қамтылған отбасыларға тұрғын үй көмегі тұрғын үй меншік иесіне, баспана арендасына келісім-шарты бар жалдаушыға беріледі.

Статистикалық деректеріне сәйкес тоқсанның соңғы айдың, өткен тоқсанның тұрғын үй көмегі есебінен (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан) жағдайы бойынша көмір бағасын есептеу үшін аудан бойынша орташа бағасы қолданылын.

Көрсетілген шешімінің атауында және 1 тармағында «және жалғызбасты азаматтарға» деген сөздер шығарылсын.

2. Осы шешім Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық сессиясының төрағасы	Мәслихат
хатшысы	Д. Шәкіров
Б.Швачкин	Аудандық мәслихаттың

КЕЛІСІЛГЕН:

Жарқайың «Жұмыспен әлеуметтік бөлімі» мекемесінің бастығы	Аудандың қамту және бағдарламалар мемлекеттік В. Сидорина
Жарқайың статистика бастығы	Аудандық бөлімінің Б. Ахметова
Жарқайың және бюджеттік бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы	Аудандың мемлекеттік «Экономика жоспарлау бөлімі» З. Коржымбаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК